



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 4 (95)

Нұр-Сұлтан
2021

Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан).
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия).
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия).
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан).
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан).
Касеналин А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан).
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан).
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан).
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан).
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан).
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ).



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Қазақстан Тәуелсіздігіне – 30 жыл

Ибраева Г., Хасенов С. Тәуелсіздік жолы және Ұлттық музей	4
Таймагамбетов Ж.К. Краткое содержание докладов автора на международных научных конференциях проекта ЮНЕСКО «Великие переселения народов» (2008-2019 гг).	14
Сыпатайқызы З. Тәуелсіздік жылдарындағы түркілік этномәдениеттердің жаңғыруы	28
Тоқпанов Е.А., Ботбаев А.К. Тарихи-мәдени және табиғи киелі орындардың еліміздің бірлігін сақтаудағы алатын орны	37

Мәдениеттану

Нұрдаулетова Б.И., Аймұхамбет Ж.Ә. Таңба-жазу – адамзат танымы мен тарихының құнды ақпараты	44
--	----

Этнография

С. Дж. Атдаев. Исторические данные о туркменской дыне и арбузе	56
Хасенов С.С. Қорғаныс жарағына жататын сауыт түрлеріне қатысты қалыптасқан атаулар	76
Бекзатқызы И. Ақмола облысы Бурабай ауданының топонимиясы: қалыптасуы және қазіргі жағдайы	88

Археология

Хуанган Т. Ат әбзелі: жүгеннің шығу тарихы	100
Әуезов Қ.Ж., Искаков А.Ш. Ұлытау – Жезқазған өңіріндегі Алтын Орда кезеңі ескерткіштерінің зерттелуі	107

Тарих. Тұлға. Тағылым

Асанов Қ.Д. Евней Букетовтің қаламгерлік қыры	115
--	-----

Филология

Байтанасова Қ.М. Абай өлеңдеріндегі мәтінаралық жүйе сипаты	122
Сағынадин Г.С. Фольклорлық сюжет: жанр және түркілік мотив көріністері	140

CONTENTS

Kazakhstan's independence – 30th anniversary

Ibraeva G., Khasenov S. The way of independence and the National museum	4
Taimagambetov Zh.K. Summary of the author's reports at international scientific conferences of the UNESCO Project «Great migrations of peoples» (2008-2019)	14
Sypataikyzy Z. Revival of turkic ethnoculture in the years of independence	28
Tokpanov E. A., Botbaev A. K. Role of historical, cultural and natural sacred places in preserving the unity of the peoples of our country	37

Cultural Studies

Nurdauletova B.I., Aimuhambet Zh.A. Symbol-letter – valuable information of human cognition and history	44
--	----

Ethnography

S. J. Atdaev. Historical information about turkmen melon and watermelon	56
Khasenov S.S. Formation of terms of armour types belonging to protective equipment	76
Bekzatkyzy I. Toponymy of Burabay district of Akmola region: formation and current state	88

Archaeology

Khuangan T. Horse harness: the history of the origin of the bridle	100
Auevov K.Zh., Iskakov A.Sh. RResearch of monuments of the Golden Horde period of Ulytau-Zhezkazgan region	107

History. Personality. Reading

Asanov K.D. The literary facets of Yevney Buketov	115
--	-----

Philology

Baytanasova K.M. The characteristic of the intertext system in the verses of Abay	122
Sagynadin G.S. Folklore plot: genre and turkic motifs	140

Хуанган Т.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

e-mail: toleubay_94@mail.ru

АТ ӘБЗЕЛІ: ЖҮГЕННІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

*Екі тізгін жоқ болса,
Ат басын адам бұра алмас.
Екі тартпа жоқ болса,
Ат үстінде тұра алмас.
Екі үзеңгі жоқ болса,
Атқа адам міне алмас.*

Халық жыры

Ұлттық кодымызға, генетикалық жадымызға қатысты қордалы қордың қайдан бастау алатынын дәйек-дерекпен тұжырымдайтын уақыт келген сияқты. Ұланғайыр даланың, ұлан байтақ өлкенің тыныс-тіршілігі, өмір салты, өнер білімі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, салтанаты, бүкіл мәдениеті ерте заманнан бастап жылқы түлігімен тығыз байланысып жатты. Жылқы туралы археологиялық, этнографиялық материалдар, көне жазбалар, аңыз әңгімелер, батырлар жырлары, архив және ауызша деректер жан-жақты кешенді еңбектер көптеп жазылған. Бірақ қазақ көшпелі өмірден алыстағалы бері мал шаруашылығына, қарапайым ат-әбзелдеріне қатысты көптеген дүниесінен айырылды деуге болады. Соны түгендеп, қайта қалпына келтіріп, оны қолданысқа енгізе алмасақ та, ұрпақ жадында сақтау бізге міндет. Ал бұл тұрғыда, ат басына кигізетін жүгеннің орыны ерекше.

Түйін сөздер: ат әбзелі, жылқы, жүген, сулық, қола дәуірі.

Еуразияның далалық аймағында қалыптасқан табиғи-климаттық жағдайдың әсері және табиғи ортаның құбылып тұруына адамның бейімделуі, шаруашылықтың өзгеруіне және көшпелі тұрмыстың дамуына алып келді. Қазақстанның кең алқаптарында табиғи кедергілердің болмауы және өмірдегі негізгі күнкөріс көзі мал болғандықтан, оның оңай жолмен басқа біреуге қолды болып кету қаупі басым болуы әскери өнерді және атқа мінуді үнемі қарқынды дамытып отыруға итермеледі. Археологтар ат әбзелдеріне

жүргізілген зерттеу жұмыстарын негізге ала отырып, ежелгі көшпелілер мініс атын басқару әдістерін және олардың әбзелдерін үнемі жетілдіріп отырғандығын анықтады.

Еуразия даласы халқының атқа міну қабілеті туралы бірқатар фактілер дәлелдейді. Бұл кейінгі ағаш кесінділі ескерткіштердегі жылқы қабірлері, Днепр маңынан Қазақстанға дейінгі қоныстардан табылған көптеген сүйек сулықтар, ағаш кесінділі мәдениетке жататын балалар қорымындағы ғұрыптық заттар ретіндегі жылқының бақай сүйектері және

андрон мәдениетінің ерте кезеңдеріндегі жылқы сүйектері түріндегі ғұрыптық тағамдар болып табылады. К.Ф. Смирнов атап өткендей, Еуразияның далалық аймағында пайда болған жылқыны ауыздықтау әдісі Алдыңғы Азияға «үнді еуропалық тайпалардың ерте қозғалысы кезінде еніп, жылқы малы шаруашылықта және әскери істе де маңызды рөл атқарды». Осы уақытқа қарай сүйектер мен мүйіздерден жасалған жұмсақ сулықтар пайда болады, бұлар дамыған азиялық қола сулықтардың арғы тегі болуы мүмкін. Алайда, сүйек сулықтар мен жұмсақ ауыздықты жүгендер дәл қай жерде Орта Еуропада, Еділ бойы немесе Қазақстанда пайда болды деген мәселе шешімін тапқан жоқ. Сулықтар мен сүйек таналардың пішіні мен ою-өрнектерінің ұқсастығы, сондай-ақ жүгендердің қайта қалпына келтірілгендігі, бізге ат әбзелдерінің кең аумақта дамығандығы туралы айтуға мүмкіндік береді. Сулықтың ауыздықты жүгенмен байланысуын жеңілдету және жүген жылқының басына тығыз жанасуы үшін жақтау белдігінің ұштары санының өсуі жолымен жүреді. Жылқы жүгенінің құрамы сүйек сулық және белдіктің жалғасқан жерін бекітетін таналардың көптеген түрлерінен тұрады. Ж.с.д. I мыңжылдықтың басында Еуразия даласының Дунайдан Алтайға дейінгі барлығында дерлік үш тесікті сүйек сулықтардың: ірі, сопақ орталық (шылбырды кигізу үшін) және екі шағын, көбінесе жиектері бойынша дөңгелек (жүгенмен жалғастыру үшін) типтерінде айтарлықтай тұтастық байқалады. (Оңғарұлы, 2019а: 45).


Ж.с.д. II мыңжылдықтың ең ірі әскери жетістігі жаңа қару – жеңіл жауынгерлік дөңгелекті арбаға жегілген ат болып табылды. Жақын арадағы археологиялық ашылулар ауыздық пен арбалардың пайда болуының алғашқы айғақтары Донның ортасынан оңтүстік-шығыс Орал маңына дейін созылған индоирандық тайпалардың қоныстану аймағына жататынын көрсетті; бұл ауданның ежелгі қоныстарында радиокарбондық зерттеулер бойынша ж.с.д. XXI–XVIII ғғ. жататын сүйек сулықтар мен арбалармен бірге жерленген қабірлер табылды. Бұл ашылулар Еуразиялық далаларда екі жақын туыс мәдениеттердің таралуымен сүйемелденді, олардың бірі ирандықтарға, ал екіншісі үндіарийлерге тиесілі. Әскери екі дөңгелекті

арбаның пайда болуы жаулап алу толқынын тудырды және үндіарийлер Солтүстік Үндістанға, ал ирандықтар – өз атын берген елге, «Ариана», Иранға басып кірді. Алғашқы дөңгелекті арбалар ж.с.д. IV мыңжылдықтың соңында Таяу Шығыста пайда болды. Бұл оқ ағаш арқылы екі өгіз және дәл осы әдіс арқылы соқа жегілген тұтас дөңгелекті екі осі бар ауыр арбалар болды. Ол жануардың танауы арқылы өтетін металл сақинасына бекітілген тізгіндер арқылы басқарылды. Ж.с.д. III мыңжылдықта арбалар жаппай әскери мақсатта пайдаланыла бастады, оларда жергілікті ақсүйектер шайқасты, арбаларға есек, түйе, бұқа, эквидтерді жеге бастады. III мыңжылдықтың соңына қарай төрт доңғалақты ауыр арбалар Орталық Еуропадан Төменгі Еділге дейінгі кең аумақтарға тарала бастады. Солтүстік Қаратеңіз және Каспий маңы далаларында осы уақытта егіншілер мен малшылардың отырықшы тайпалары мекендеген, көптеген зерттеушілердің пайымдауына қарағанда бұлар үндіевропалықтар болуы мүмкін. (Оңғарұлы, 2019а: 47).

Көшпелілердің, соның ішінде қазақтардың төрт түлік малдың ішінде жылқыны қолға үйретуі тарихи археологиялық қазба жұмыстарында табылған жәдігерлерден көруге болады. Ботай қоныс-мекенінде 1980-2010 жылдары жүргізілген Солтүстік Қазақстан және Көкшетау археологиялық экспедицияларының ғылыми зерттеулері, сондай-ақ бірқатар елдер ғалымдарының ізденістері жалпы Еуразия құрлығы мен Қазақстанның ежелгі тарихында бірталай ғылыми жаңалықтар ашуға мүмкіндік берді. Жылқы жер бетінде тұңғыш рет ж.с.д. IV мыңжылдықта Солтүстік және Орталық Қазақстан даласында қолға үйретілді (Зайберт, 2011: 24).

Тұңғыш рет жылқыны қолға үйретудің құрал-саймандық дәлелдемелері пайда болды. Бұны ботайлық остеологиялық материалдарды талдау барысында ағылшындық және американдық зерттеушілер жүзеге асырды (Зайберт, 2011: 366).

Ботай қоныс-мекенінде аттардың сүйектері өте көп табылған (99%). Сүйек бұйымдардың арасында тұсаудың ілгегі және сулықтар бар (Сур.1). Екі бұйымға ұқсас заттар қола, темір дәуірлерінің, орта ғасырлық, сондай-ақ этнографиялық материалдардың арасында көптеп кездеседі (Зайберт, 2011: 450).



Сур. 1. Ат жүгенінің элементтеріне ұқсас этнографиялық заттар.
Ботай қоныс-мекені

Fig. 1. Ethnographic objects similar to the elements of a horse bridle.
Botay settlement



Сур. 2. Сүйектен жасалған сулық
Қарағанды облысы,
Кент қонысы

Fig. 1. Bit made of bone
Karaganda region, Kent
settlement



Сур. 3. Алтынқазган кешені. №158 қоршаудан табылған ат жүгені

Fig. 3. Altynkazgan complex. №158 horse bridle found

Жылқы сүйегінің қалдықтары барлық қоныстар мен қола дәуірінің, ерте темір дәуірі мен ортағасырылық бүкіл қорымдардан табылған. Қазақ даласында жүргізілген археологиялық қазба барысында қола дәуірінің жерлеу орнында жылқының сүйектен жасалған ауыздықтарының табылуы (Сур.2), осы аймақтардағы тұрғындардың жылқыны қолға үйретіп мінгендігінен хабар береді. (Оңғарұлы, 2019б: 75).

Ж.с.д. II мыңжылдықта Қазақстан даласында сүйектен және мүйізден жасалған сулықтар пайда бола бастайды. Металл ауыздықтардың болмауы, олардың қайыстан немесе ширатылған сіңірден жасалған болуы мүмкін деген болжам жасауға мүмкіндік береді (Оңғарұлы, 2019б: 75).

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қорында сақталған сулықтардың ең ерте жиынтығының бірі Тоқсанбай қонысынан табылған. Батыс Қазақстанда орналасқан бұл ескерткіш синташты уақытымен (ерте қола дәуірі) мерзімделеді, бірақ оның мәдени қатыстылығы анық емес. Бұл жерде жануарлардың сүйектері мен басқа да заттар қоса жерленген құрбандыққа шалынған екі адамның арасында құрылысы солтүстік қабырғамен шектелген, ал оңтүстіктен – бес бағаналы шұңқырдың жанында жәдігерлер жинағы орналасқан. Жинақтан табылған заттардың ішінде – ыдыс, қыш сынықтары, сүйек пен кремнийден жасалған бұйымдар, тас шар, абразив, металлмен құрсауланған ағаш тостағанның қалдықтары, жануарлардың сүйектері, күйген бұтақтардың қалдықтары және күйген органиканың (тері) қабатында үйлесімділік ізі бар бір-біріне жақын орналасқан екі сулық. Бұл ретте, сулықтардың өзінде күйген іздер жоқ. Сулықтар араластық жүйесі бар қалқаншаға жатады: бір данасында қондырмалы монолитті, екіншісінде – тек қондырмалы. Жалпы алғанда, Тоқсанбайдан табылған сулықтар В.В. Цимидановтың ұсынған «утевтік типіне» (эллипске жақын үшбұрыш пішінді планка және қалқан) жақын келеді, дегенмен олардың қалқаншалары айтарлықтай жіңішкелігімен және сегмент тәрізділігімен ерекшеленеді.

Ежелгі көшпелілер дәуірінде әскери іс өте қарқынды даму үстінде болды: соғысты жүргізу тәсілдері жетілдірілді, қару-жарақтың және ат әбзелдерінің жаңа түрлері пайда болды,

сонымен қатар мініс жылқысын басқару әдістері жетілдірілді. Ерте темір дәуірінің басталуымен (ж.с.д VIII-V ғғ.) жағдай өзгере бастайды. Бұл кезеңнің археологиялық ғылыми еңбектерде ежелгі көшпенділер кезеңі деп аталуы бекер емес. Осы кезеңде ат әбзелдері айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Ж.с.д. VIII-VII ғғ. сүйектен жасалған ауыздықтарды қоладан жасалған ауыздықтар алмастырса, ал ж.с.д. VI-V ғғ. соңында темірден жасалған ауыздықтар пайда болды. (Оңғарұлы, 2019б: 76).

Ж.с. V ғ. екінші жартысы – VI ғ. бас кезеңіне жататын жылқы жүгеніне арналған сәндік жабдықтардың металл бұйымдары Алтынқазған кешенінен табылды. Жүген жапсырмалы өрнектелген тілімшелермен әшекейленген. Баудың айқасқан жері төрт дөңгелек әшекеймен безендірілген. Орта тұсында ұсақ бедермен көмкерілген тегіс алаңы бар кедір-бұдырлы металл қаптама орнатылған. Алаңның ортасында қызыл жартылай мөлдір тас – альмандин бекітілген. Металл қаптама кәріптастан жасалған қалқан тәрізді көздермен он жерден көмкерілген, олар өз кезегінде жапсырманың шетімен ірі бедер жанында шектеседі. Кекілдірік моңғолоидтық бет-әлпетті бес бетпердеден тұрады. Темір ауыздықтың қатар-қатар күміс сулықтары болды. Шылбыр мен ауыздықты жүген қоңыраулы сылдырмақтармен безендірілген. Баулы тоға мен ұштықтар кәріптас көздермен сәндіелген (Сур.3) (Оңғарұлы, 2019в: 34).

Қазақ даласы өңірлеріндегі мініс атының әбзелдеріндегі үлкен өзгерістер пазырық кезеңінен (ж.с.д. VI-III ғғ.) басталған. Осы кезеңде жүген жиынтықтары күнделікті қолданылатын және салтанатты сәттерде пайдаланылатын болып екіге бөлінеді. Жылқылардың бастарында таутекенің немесе бұғының мүйізі бекітілген, қиял-ғажайып аңның немесе құстың бейнесі түрінде жасалған бетперделер бар (Сур.4). Пазырық кезеңіне жататын Берел обаларынан сексеннен астам жылқы малының сүйектері табылды. Берел №11-ші обада қиматағанның солтүстік қабырғасы сыртында 13 жирен айғыр арнаулы қойылған да, олардың әбзелдермен әшекейленген денелері бірнеше қабат қайыңтозбен жабылған (Сур.5), (Самашев, 2011: 26). Осы темір дәуірінен бастап Еуразия даласында, көшпелі тайпалар тұрмысының барлық саласын қамтыған үлкен өзгерістер болды (Оңғарұлы, 2019в: 34).




Сур. 4. Таутеке мүйізді қанатты аттардың мүсіндері. Есік обасы, Жетісу. К.А. Ақышевтың қазбасы

Fig. 4. Sculptures of the horned winged horses of Tauteke. Issyk village, Zhetysu. K.A. Excavations of Akishev



Сур. 5. Патшамен бірге қойылған 13 жирен айғыр. З.Самашев. Қайта жаңғыртпа Берел обалары. №11 оба

Fig. 5. 13 stallions with a king. Z. Samashev. Berel. No. 11 plague



Сур. 6. Жүгеннің құрылымы. Сызба. Суретті өңдеген Сұлтан Жұмабекұлы

Fig. 6. The design horse bridle. Drawing. Photo by Sultan Zhumabekovich

Ат-әбзелдері соның ішінде жүген Қазақстанның ежелгі тарихындағы сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, ерте орта ғасырлардағы Түрік, Батыс Түрік, Түргеш, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ, Қыпшақ, Қарахан, одан кейінгі Алтын Орда және Ақ Орда тарихымен тікелей байланысты. Қазақ хандығының құрылуынан бастап бүгінгі күнге дейін тарихи сабақтастық, жалғастық, үндестік атадан балаға мұра болып келеді.

Қазіргі кезде ат-әбзелдерінің түрлері мен құрылымына көп өзгерістер кірген. Этнограф-жазушы Бекен Қайратұлы өз еңбегінде: жүген – атты иесі ырқына бағындыруға көмек көрсететін әбзел. Жүген аттың басына ауырлық келтіретіндей болмауы керек. Жүгенді жеңіл иленген қайыстан жасайды. Кейбір жүгендерді күмістеу үшін қайыстың сыртынан жеңіл былғары қаптайды да оған құйма күмістер орнатады.

Жалпы жүгеннің құрылымы: желкелік, кекілдік, қасқалық, сағалдырық, сулық, ауыздық, тізгін, шылбыр, шаужай, жақтау, кеңсіріктен тұрады (Сур.6). Сонымен қатар күміс жүген, өрме жүген, шашақты жүген, қасқа жүген, үкілі жүген, түймелі жүген сияқты тағы басқа түрлері бар, – деп көрсетеді (Қайратұлы, 2019: 274).

Желкелік – аттың басына кигізілген жүгеннің ат құлағынан асып желке жалын басып тұрған бөлігі немесе оң жақтаудың ат желкесін ораған ұзын бөлігін айтады.

Ауыздық – бірдей екі темірден бір-біріне құрастырылып, екі сулыққа шығыршық арқылы бекітіліп жасалған, атты басқаруға, бұруға, әсіресе, тоқтатуға арналған темір құрал.

Сулық – ауыздық пен жүгеннің жақтауын біріктіріп тұрған жабдық. Сулық арқылы ауыздық ат аузында жеңіл, еркін қозғалып тұрады. Сулыққа ауыздық, жақтау, тізгін бекітіледі, егер ат ноктасыз болса, мінер жақ сулыққа шылбыр қоса тағылады.

Шаужай – ауыздық пен сулық арасына бекітілген ұзындығы сынық сүйем екі бөлшек жабдық. Ат басына жүген салғанда шаужай екі езуге түсіп, сулық пен ауыздық арасын жарып өтеді. Жүгеннің шаужайлы және шаужайсыз түрі бола береді. Шаужайсыз жүгенді жуас, көмбіс жылқыларға салады. Асау, шәлкес, тарпаң жылқыларға шаужайлы жүген тиімді. Өйткені, тізгіннің жақтауын бұра тартқанда шаужай аттың жақ сүйегін қысады. Жағы мен езуі ауырған асау жолға түседі.

Жақтау – бір ұшы қамшылар жақ сулықтан басталып, жылқының желкесінен асып мінер жақтағы сулыққа қосылған жүгеннің ұзын бөлігін айтады. Жақтау жүгеннің негізгі бөлігі болғандықтан оған – сулық, кеңсірік, кекілдік, сағалдырық бекітіледі.

Сағалдырық – жүген мен ноктаның аттың басын алқым астынан орап тұратын бауы. Сағалдырық жүгеннің ат басынан сыпырылып түспеуі үшін қажет.

Кекілдік – аттың маңдайын орай отырып, жүгеннің жақтауын жоғарғы жағынан тұтастырып тұрған қайыс бауды айтады. Кекілдік барлық жүгендерде болуы міндетті емес, көбінесе бұл жабдықты сәндік үшін жасайды.

Кеңсірік – жүген және нокта жақтауларын аттың кеңсірігін орай жалғап тұрған көлденең белдік-бауды айтады. Кеңсірігі мықты жүген атты басқаруға қолайлы болады және жүген-ноктаның аттың басынан сыпырылып қалмауын қамтамасыз етеді.

Қасқалдақ – жүгеннің кеңсірігі мен кекілдігін қосып жеңіл заттан жасалған сәндік бұйымды айтады. Аттың қасқа маңдайын басып тұрғандықтан осылай аталған.

Тізгін – жүгеннің екі жақтауындағы ауыздық шығыршығына байланып, ортасы тұйықталып жасалған жіңішке қайыс. Бұл атты басқаруға арналған жабдық.

Нокта – аттың басына салатын жүген тектес, бірақ ауыздық, шаужай, кекілдігі жоқ жабдық. Бұл жабдықты – қосар атты жетекке алып жүруге, бәйге атын кермеге байлап жатқан кезде қолданады.

Шылбыр – ноктаның сағағына немесе жүгеннің мінер жақ сулығына тағылатын атты жетектеуге, болмаса кермеге байлауға арналған қайыс бау (Қайратұлы, 2019: 277).

Ат әбзелі – жүген алғаш жылқы малын қолға үйретуден бастап өте күрделі кезеңдерден өтті. Ертедегі жүгендер сүйек сулықтармен жасалса, кейін қола, темірден жасала бастаған. Әр кезеңде өзіндік ерекше өрнектермен безендіріліп, күміс, алтынмен жалатылған жүгендер болды. Қазіргі уақытта да жүген қандай материалдан жасалса да, әртүрлі нақышта безендірілсе де сол бұрынғы жылқы малын ырыққа бағындыруға көмектесетін әбзел болып қала бермек.

Негізгі мақаладағы ой ол алғаш атты тізгіндеген қазақ халқы екеніне назар аудару



болды. Ең соңғы ғылыми дәлелденген жаңалық қазақстандық ғалымдардың қатысуымен жүргізілген зерттеулердің нәтижелері беделді британдық «Nature» ғылыми журналында жарияланды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, Торайғыров университетінің, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің және А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің зерттеушілері әлемдік жетекші ғалымдармен бірлесіп, қазіргі қолға үйретілген жылқылардың шығу тегін

зерттеді. Зерттеулерге Тулуза университетінің (Франция) палеогенетик маманы Людовик Орландоның жетекшілігімен әлемнің түрлі елдерінен 162 ғалым қатысты. Зерттеушілер тобына белгілі қазақстандық ғалымдар да кірді. Олардың білімі зерттеу жұмысына елеулі үлес қосты. Бүкіл Еуразиядан табылған ежелгі жылқылардың геномдарын салыстыру нәтижесінде қазіргі жылқылар шамамен б.з.д. 2200 жыл бұрын Понтий-Каспий даласы аймағында қолға үйретілгендігі туралы болжам жасалды. Содан кейін бірнеше ғасырлар бойы жылқылар Еуразияның қалған бөліктеріне таралған деп тұжырымдады.

Әдебиеттер

1. Оңғарұлы, 2019а – Оңғарұлы А. Ұлы Дала: тарих пен мәдениет. I том. Мәдени шығу тек пен сабақтастық. Көрме каталогы. – Астана, 2019. – 320 б.
2. Оңғарұлы, 2019б – Оңғарұлы А. Ұлы Дала: тарих пен мәдениет. II том. Жылқы және салт атты. Көрме каталогы. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 300 б.
3. Оңғарұлы, 2019в – Оңғарұлы А. Ұлы Дала: тарих пен мәдениет. IV-том. Ұлы көш: бұйымдар мен идеялардағы ғұндар мен сарматтардың мұралары. Көрме каталогы. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 308 б.
4. Қайратұлы Б. Қазақтың атбегілік өнері. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 400 б.
5. Зайберт В. Ботай. Дала өркениетінің бастауында: Кітап-альбом. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2011. – 480 б.
6. Самашев З. Берел. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2011. – 236 б.

References

1. Ongaruly A. The Great Steppe: history and culture. Volume I. Cultural origin is only and continuity. Exhibition catalog. – Astana, 2019. – 320 p.
2. Ongaruly A. The Great Steppe: history and culture. Volume II. Horses and riders. Exhibition catalog. – Nur-Sultan, 2019. – 300 p.
3. Ongaruly A. The Great Steppe: history and culture. Volume IV. The Great Leader: The Legacy of the Huns and Sarmatians in Products and Ideas. Exhibition catalog. – Nur-Sultan, 2019. – 308 p.
4. Kairatovich B. Kazakh equestrian art. – Nur-Sultan, 2019. – 400 p.
5. Zaibert W. Botay. At the beginning of steppe civilization: Book-album. – Almaty: Balausa Publishing House, 2011. – 480 p.
6. Samashev Z. Berel. – Almaty: Taimas Publishing House, 2011. – 236 p.

Хуанган Т.

Национальный музей
Республики Казахстан
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: toleubay_94@mail.ru

КОНСКАЯ СБРУЯ: ИСТОРИЯ ПРОИСХОЖДЕНИЯ УЗДЕЧКИ

Пришло время сформулировать источники нашего национального кода, нашей генетической памяти. Жизнь, быт, знание искусства, обычаев, традиций, обрядов и вся культура великой степи, нашей необъятной земли с давних времен тесно связаны с коневодством. Множество археологических и этнографических материалов о лошадях были написаны в древних записях, легендах, героических песнях, архивах и устных произведениях. Однако, с тех пор как казахи отошли от кочевого образа жизни, можно сказать, что они потеряли много богатства в плане простой техники животноводства. Без сомнений мы не можем восстановить и применить все давние традиции коневодства на практике, но мы должны сохранить это в памяти наших будущих поколений. В связи с этим, уздечка занимает особое место среди конной сбруи.

Ключевые слова: конская сбруя, лошадь, седло, псалий, бронзовый век.

Khuangan T.

National Museum of the
Republic of Kazakhstan
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: toleubay_94@mail.ru

HORSE HARNESS: THE HISTORY OF THE ORIGIN OF THE BRIDLE

It's time to formulate the sources of our national code, our genetic memory. Life, everyday life, knowledge of art, customs, traditions, rituals and the whole culture of the great steppe, our vast land have been closely associated with horse breeding for a long time. Many archaeological and ethnographic materials about horses have been written in ancient records, legends, heroic songs, archives and oral works. However, since the Kazakhs moved away from the nomadic way of life, it can be said that they have lost a lot of wealth in terms of simple animal husbandry techniques. Without a doubt, we cannot restore and apply all the old traditions of horse breeding in practice, but we must keep this in the memory of our future generations. In this regard, the bridle occupies a special place among the equestrian harness.

Key words: horse harness, horse, saddle, cheekpiece, Bronze Age.